**Азаматтық ядролық энергетика саласында біріккен қазақстан-ресей компаниясын қалыптастыру жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 63-ө Өкімі

Азаматтық ядролық энергетика саласында біріккен қазақстан-ресей компаниясын құру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру мақсатында:

1. Жұмыс тобы мынадай құрамда құрылсын:

Мыңбаев Сауат Мұхаметбайұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі, жетекші

Ақшолақов Болат Оралұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, жетекшінің орынбасары

Жәкішев Мұхтар Еркінұлы - "ҚазАтомӨнеркәсіп" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының президенті, жетекшінің орынбасары (келісім бойынша)

Рясков Евгений Яковлевич - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Ядролық энергетика және атом өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары

Куанышбаев Ермек Мекебайұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Халықаралық құқық және мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау департаменті директорының орынбасары

Ыбырайымов Қалымжан Уәлиханұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттің

қатысуымен мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқарма бастығы

Шалбаев Айдар Есламбекұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ТМД департаментінің Ресеймен екі жақты ынтымақтастық басқармасының бастығы

Парфенов Дмитрий Николаевич - "ҚазАтомӨнеркәсіп" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша)

Яшин Сергей Алексеевич - "ҚазАтомӨнеркәсіп" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2008 жылғы 15 сәуірге дейінгі мерзімде азаматтық ядролық энергетика саласында біріккен қазақстан-ресей компаниясының активтерін бағалау және құрылтай құжаттары жобаларының рәсімі жөнінде ұсынастар әзірлесін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК